

ӘОЖ 316.324(574) ӘОЖ 316.324(574)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ БҮГІНГІ КҮННІҢ ДАМУЫ**

Сатқанбаева Ұлдана Нұрмағанбетқызы

satkanbaeva.dana@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультеті, 2- курс
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Габдулина Бағыш Ахметовна- ғылыми жетекші

Қазақстан Республикамыздың демократиялық жолда дамуының бірден бір алғы шарттары азаматтық қоғамның қалыптасуы болып табылады. Азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуының проблемалары бүгінде Қазақстан Республикасында ғана емес, бүкіл әлемдік саясатта ең маңызды мәселелердің бірі. Әлемдік тәжірибеде адамның құқықтары мен бостандықтарының сенімді кепілдігін демократиялық құқықтық мемлекет пен дамыған азаматтық қоғамның екі жақты күш-жігерімен ғана құруға болатынын дәлелдейді. Саяси әдебиетте азаматтық қоғам ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз зерттелген. Өйткені азаматтық қоғам мен мемлекеттің негіздерін ұқсас деп түсініп келді. Қазір азаматтық қоғам туралы әр түрлі көзқарастар мен анықтамалар бар. Бірақ, жалпығы бірдей ортақ азаматтық қоғам туралы анықтамасы жоқ.

Азаматтық қоғам – саяси өкіметке тәуелсіз жұмыс істейтін және оған ықпал жасауға қабілетті әлеуметтік қатынастар мен институттар жиынтығы; дербес жеке адамдар мен әлеуметтік субъектілер қоғамдастығы. Қандай да болмасын қоғамдық мәні бар идеяларды қабылдау қашанда сұхбатты, яғни сұхбаттасушы жақтардың түрлі көзқарастарын маңызды тепе-теңдігін білдіреді [1].

Азаматтық қоғам әлеуметтік жауапкершілік сезімінен туындайды - азамат өз бетінше немесе басқа азаматтармен бірлесе отырып өздерінің жеке және жалпы мәселелерін мемлекетке жүктемей өзі шешуге ұмтылады. Мемлекет азаматтардың ерікті бірлестіктерін "басқаруға" емес, олардың мемлекеттік істерге қатысу мүмкіндігін кеңейте отырып, оларды қолдауға тиіс. Адамның қадір-қасиеті мен жеке тұлға және отбасына деген құрмет тек дамыған азаматтық қоғамда ғана қоғамдық-саяси және мемлекеттік құрылыстың мызғымас іргетасы ретінде бекітіледі. Адамның лайықты өмір сүруі - бұл оның еркіндігі, амандығы, қауіпсіздігі және қабілеттерін дамыту мүмкіндігі. Мемлекет бұл мақсаттарға жетудің құралы ғана. Оның өмір сүруінің мәні-азаматтарға қызмет көрсету, олардың идеяларын құрбандық етпеу. Мұндай қоғамның негізгі принципі: адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін қағидатын ұстану қажет.

Азаматтық қоғамның маңызды құрамдас бөліктерінің бірі адам өміріндегі абсолюттік құндылық ретінде бостандықты тану болып табылады. Азат мемлекет қана өз азаматтарының әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады, ХХІ ғасырда қарқынды даму перспективаларын алады. Әділдікке ұмтылмайтын қоғамда бостандықты сақтау мүмкін емес. Әділдік тек құқықтардың теңдігіне ғана емес, азаматтардың өз қабілеттерін іске асырудағы мүмкіндіктерінің теңдігіне де ұмтылуды талап етеді [2].

Азаматтық қоғам - бұл күшті және әлсіздердің арасындағы әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік ынтымақтастық қағидаттарына негізделген тең мүмкіндіктері бар қоғам. Бұл Қазақстанда еркін қоғамның өмір сүруінің маңызды шарты жеке бастаманы нығайту ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қолдаудың дамыған жүйесі болып табылатынын білдіреді. Еркін қоғам тұрақты саяси жүйе шеңберінде ғана құрылуы мүмкін, ол кез келген еркіндікті жоққа шығарады және барлығының әл-ауқаты мақсаты бар экономикалық тәртіпті құруда мемлекеттің белсенді рөлін болжайды. Нарық өз алдына мақсат емес, ол Қазақстанның барлық азаматтары үшін еркіндік пен өркендеуге жетудің құралы болып табылады. Мемлекеттің міндеті - еркін нарықты әлеуметтік мақсаттарға жетуге бағыттау, оны мәжбүрлемеу. Қазақстанда демократиялық құқықтық мемлекет құру үшін қолданыстағы Конституцияның толық орындалуын қамтамасыз ету жеткілікті.

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтық қоғамның қалыптасуы 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында басталған экономикалық, әлеуметтік және саяси салалардағы түбегейлі реформалар түрлі әлеуметтік топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қоғамдық бірлестіктердің құрылуын ынталандырды. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып экономиканың жеке секторындағы жұмысшылардың мүдделерін білдіретін тәуелсіз кәсіподақтар пайда болды. Бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық және діни бірлестіктер, саяси партиялар белсенді түрде институцияланды. "Невада - Семей" қоғамдық қозғалысы азаматтық сана-сезімнің анағұрлым жарқын көрінісі болды, ол өз алдына ядролық полигондарды жабу мақсатын қойды. Елдегі

азаматтық қоғам мен оның институттарын белгілі бір дәрежеде дамытуға мемлекеттің осы процесс үшін тиісті саяси, құқықтық және өзге де жағдайлар жасау жөніндегі қызметі жәрдем ете бастады [3].

Өмір сапасының жоғары стандарттары бар қарқынды, заманауи мемлекет ретінде Қазақстанның дамуы адами әлеуетті, азаматтардың кәсіпкерлігін, азаматтық қоғамды одан әрі дамыту негізінде мүмкін болады. Президент Н. Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Осы Тұжырымдамада Қазақстандағы азаматтық қоғам дамуының негізгі тенденциялары талданды, алдағы жылдарға дамуының нақты тетіктері мен нақты бағыттары көрсетілді. Тұжырымдаманы бекіту кезінде Қазақстанда 12 саяси партия, әртүрлі бағыттағы 5820 ҰЕҰ, 3340 қоғамдық қор, 1072 заңды тұлғалар қауымдастығы, 471 ұлттық-мәдени бірлестік, 40-тан астам конфессиялар мен деноминацияларды білдіретін 3340 діни бірлестік, 6646 БАҚ-ы ресми түрде тіркеліп, жұмыс істеді. Азаматтық қоғамның осы және басқа да институттары елді одан әрі демократияландырудың маңызды ресурсы болды. Бүгінгі күні мемлекет ҰЕҰ-ға елеулі қолдау көрсетуде және оған демократиялық процестердегі үкіметтік емес ұйымдардың рөлін сезіну арқылы келді. 2018 жылдың соңында «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» 2019-2025 жылдарға арналған азаматтық қоғамның тұрақты және тиімді даму тұжырымдамасының жобасын ұсынды (жүйелік өзгерістерге 10 қадам). Бұл құжат Қазақстанның таяу болашаққа арналған тұжырымдамалық көзқарасын азаматтық қолдаудың бір түрі болды. Бұл көзқарас 2017 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасын дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспары» мемлекеттік бағдарламасында бекітілген, оның басты міндеті - жедел және сапалы экономикалық өсу, сонымен қатар елдегі өмір сүру деңгейін көтеру [4].

Осы мәселелерді шешу үшін бизнес пен адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, технологиялық модернизациялауға, институционалды ортаны жақсартуға, адамның табиғатқа тигізетін кері әсерін азайтуға және БҰҰ тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға бағытталған шаралар өткізілді. Тұжырымдама айтылған мақсаттардың бірі: «Әлемдік, аймақтық және жергілікті деңгейлерде үкіметтер, жеке сектор және азаматтық қоғам арасында жан-жақты серіктестік орнатусыз тұрақты даму бағдарламасын сәтті жүзеге асыру мүмкін емес. Қарым-қатынастар принциптер мен құндылықтарға, жалпы көзқарас пен жалпы мақсаттарға, ең алдымен адамзат пен планетаның мүдделерін қанағаттандыруға негізделуі керек».

Қазақстан Республикасында бұрын 2006-2011 жылдар кезеңіне есептелген ұқсас тұжырымдама қолданыста болды. Оны демократиялық реформалардың жалпы ұлттық бағдарламасына және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясына сәйкес әзірленді. Ол азаматтық қоғамды дамытуда маңызды рөл атқарды, оның институттарының жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған мақсатты бағдарламаларды, заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде негіз болды. Тарихтың қазіргі кезеңінде мемлекетіміздің алдында мүлдем жаңа 2025 жылға тағайындаған міндеттері тұр.

2019 жылдың 2 қыркүйек күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында ең басты назар аударған мәселелердің бірі азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсуін қолдану қажет. Мемлекет басшысы Жолдаудың бірінші тарауында «Заман талабына сай тиімді мемлекет» еліміздің басты ұстанатын қағидаты «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» сондықтан осы бағыттағы жұмысқа бар күш-жігерімізді салуымыз қажет [5].

Біздің ортақ міндетіміз - азаматтардың барлық ұсынылған сұраныстарына тез әрі тиімді жауап беретін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру. Билік пен қоғамның тұрақты үн қатысуы арқылы ғана қазіргі заманғы геосаясат жағдайында үйлесімді мемлекет құрыла алады. Сондықтан азаматтық қоғамды қолдау және нығайту, оны шешу үшін ең өзекті ұлттық міндеттерді талқылауға тарту қажет [5].

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында тек қана 2025 жылға дейінгі және одан кейінгі кезеңдегі ішкі саясат мәселелері туралы айтылды. Мәселелерді терең білу және оларды жеңудің тиімді әдістерін іздеу, жағдайын жасау қажет екені айтылды. Қазақстан Республикасында «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» доктринасы жүзеге асырылуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мемлекеттің тұрақтылығының негізін құрайтын бұл саяси формула – азаматтық қоғамның қолдауымен ғана тиімді бола алады. Осыған байланысты Президент ротация негізінде жұмыс жасайтын өкілді, «Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін» кеңесін құруды ұсынды. Осыған байланысты Президент өз әкімшілігінде мемлекеттік органдардың азаматтардың өтініштерін қанағаттандыру бойынша қабылдаған шараларының сапасын бақылайтын бөлім құрды.

Қортындылай келе, азаматтық қоғам - қоғам дамуының ең биік сатыларының бірі, қоғамдық жүйелердің басқа элементтеріне сәйкес, яғни өзін-өзі басқаратын қоғамдық институттардың осындай байлығын қалыптастыра отырып, адамның басымдылық орнын (өзінің құқығымен, бостандықтарымен және міндеттерімен) қамтамасыз етеді. Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуы ең алдымен дәстүрлі мәдениетке, тарихи қалыптасқан мінез-құлық ерекшеліктеріне және ұлттық мүддеге сүйене отырып жүргізілетіні анық [6].

Мемлекеттің демократиялық құрылымын құрудың негізгі шарттарының бірі - олардың құқықтарын, бостандықтарын, мүдделері мен мақсаттарын білдіру, қорғау және қанағаттандыру саласында азаматтық белсенділікті іске асыруды қамтамасыз ететін дамыған азаматтық қоғамның және оның институттарының болуы болып табылады. Қазақстандағы азаматтық қоғамның ерекшелігі оның қалыптасуы әлі де жалғасып келе жатыр және қазіргі уақытта мемлекет тарапынан көптеген шаралар ұйысынылып жатқаны қуантады. Азаматтық қоғамның дамуы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарты болып табылады [7]. Әлеуметтік прогресс, демократиялық даму, экономикалық өсу қоғамның барлық маңызды салаларында азаматтардың белсенді қатысуымен мүмкін болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Civil society, cross-national comparisons and the problem of statistical capture. Detail Only Available By:Clarke, Gerard // Journal of International Development. – 2011, October. - Vol. 23, issue 7. – P. 959-979.
2. Лопарев А.В. Институализация гражданского общества в современной России, - С 50.
3. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U060000154_
4. <https://camonitor.kz/33259-grazhdanskoe-obschestvo-10-shagov-k-sistemnym-peremenam.html>
5. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy
6. Рыстина И.С. Азаматтық қоғамның қалыптасу ерекшеліктері мен жастардың ролі, - С 90.
7. <http://repository.nkzu.kz/pdf>